

Үшінші: азаматтардың өз құқықтары жөнінде білімдерін арттыру. Еркін әрі әділ сайлау жүйесін нығайту. Білім мекемелерінде жас буынға адамгершілік, құқық және өзара құрмет көрсетуді насихаттау.

Демократиялық құндылықты сақтау барлық жеке тұлға қатысуын талап ететін үздіксіз процесс болып саналады. Заң үстемдігін нығайтып, бүгінгі күнмен тарихты сабақтастыра отырып адам құқықтарын қорғау және өскелең ұрпақтың сана-сезімін ояту тек сақтап қалу емес, сонымен қатар оларды жаңа деңгейге көтеру болып саналады. Дала Демократиясын жандандыру тек өткен тарих емес, бүгінгі мен болашақтың бағыт-бағдар беретін асыл мұра.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <https://kaz.365info.kz/dala-demokratiyasyn-nemese-khazakhsha-sajlau-ylttykh-dastyrlerturaly-bar-shyndykh-356940>
2. А. Байтұрсынұлы. Ақ жол-Алматы «Қазақстан» 1991
3. Қазақстанның Парламент жүйесі туралы
4. <https://stud.kz/referat/show/20454>

Төлепберген А.Б.

*Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультетінің 2 курс магистранты
(Ғылыми жетекшісі – Бирманова Ақсұңқар Исланбековна PhD, қауымдастырылған
профессор, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ)*

МЕМЛЕКЕТ ТИПОЛОГИЯСЫ ТҮСІНГІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢІСТІКТЕ ҚАРАСТЫРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекет жан-жақты, көп қырлы, әртүрлі сипаттағы қасиеттері мен белгілері бар құбылыс. Тарихи эволюция барысында қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде соған сәйкес келетін мемлекет орнайды. «Әртүрлі халықтарда, әртүрлі тарихи кезеңде мемлекеттік-ұйымдастырылған қоғам дамуының тарихи кезеңдерінің ерекшеліктері осы кезеңнің барлық мемлекеттеріне тән болатын мәнді жалпы белгілерін және жеке мемлекеттердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді» [1,60]. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясында мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдісі ретінде мемлекет және құқық типологиясы қолданылады. «Мемлекеттің мәні мен табиғатын анықтау оның әлеуметтік-сапалық сипаты мен ішкі қасиеттерін теориялық нысанда ашуға мүмкіндік беретін типтендіру қажеттілігін негіздейді» - деп жазады А.Г.Хабибулин [2,155].

«Типология, немесе мемлекеттер мен құқықтық жүйелерді типтерге жіктеу мемлекет пен құқықтың бір типінің екіншісімен ауысуының тарихи бұлтартпайтын үрдісінің көрінісі ретінде мемлекет және құқықтың табиғи-тарихи дамуын танудың объективті қажетті, заңды үрдісі, мемлекет және құқық дамуының тарихи үрдісін танудың маңызды әдістері немесе құралдарының бірі болып табылады» - деп жазады танымал ресейлік теоретик М.Н. Марченко [3,142]. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясы үшін типология - ғылыми ақпарат мазмұнын көтерудің маңызды құралы, өйткені ол объектінің саралау жүйесінде алатын орнына байланысты белгілері мен қасиеттері туралы барынша мол тұжырымдар мен қорытындылар жасауға мүмкіндік береді [4,1].

Дегенмен, заң ғылымында мемлекет және құқық типологиясын пайдалану әдістемелік сипаттағы кейбір мәселелерді тудырады. Ғылыми таным әдісі ретінде мемлекет және құқық типологиясы әртүрлі деңгейде анықталады. Кейбір жағдайларда типология «классификация» түсінігіне синоним ретінде қолданылады [5,257], кейде аталған түсініктер мазмұны және пайдалану мақсаты бойынша әртүрлі деп саналады [6,61-63], үшіншілердің көзқарасы бойынша типология анықталған белгілерге ие классификацияның арнаулы түрі ретінде қарастырылады [7,12-21]. Аталған әдістерді анықтаудағы көрсетілген әртүрлілік және

оларды мемлекет пен құқық мәселелерін зерттеудің әрбір нақты жағдайында қолдану аса дұрыс емес тәрізді, себебі мемлекет және құқық туралы теориялық және тәжірибелік ақпаратты әдістемелік тәртіпке келтіру мәселесіне күнгірттік береді. Оның үстіне түсініктік-категориялық аппарат кез-келген қоғамдық ғылымның, соның ішінде заңдық ғылымның да әдістемелік құрылымында маңызды орын алады. Мемлекеттік-құқықтық шындықты, саяси және құқықтық құбылыстардың мәнді қасиеттері, байланыстары мен қатынастарын танудың жалпы нәтижесін көрсете отырып, тиісті терминдерде бекітілген түсініктер және категориялар ғылыми зерттеудің басты құралы қызметін атқарады. Соған байланысты, заңдық ғылымның түсініктік-категориялық аппаратының логикалық айқындылығы, тұтастығы және өзара үйлесімділігі қазіргі кезеңде аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды тану әдісі ретіндегі мемлекет және құқық типологиясының түсінігі мен мазмұнының жалпы теориялық мәнін, оның классификациямен арақатынасын анықтаудың өзектілігі дау туғызбайтындығына көз жеткіземіз.

Типологияның кең көлемде қарастырылуына қарамастан, оның нақты біртұтас түсінігі қалыптастырылмаған. Типология деп негізінде объектілер жүйесін мүшелілеу және оларды жалпыланған модель немесе тип көмегімен топтастыру жататын ғылыми таным әдісін, сондай-ақ типологиялық сипаттау және салыстыру нәтижесін айтуға болады. Философиялық әдебиеттерде типология адамзат қоғамының ерекше белгілерін (қоғамның типтік белгілері немесе мәдениет нысанын) зерттеу тәсілі деп түсіндіріледі.

Типология түсінігі 1) типология құру үрдісі ретінде; 2) құру нәтижесі ретінде; 3) қолдану әдісі ретінде анықталады. Жеке авторлар типологияны түсіндіру барысында аталған көзқарастардың біреуін қолдайды: объектілер жиынтығын тұрақты гомогенді әрқайсысы белгілі бір қасиеттің модификациясы (үлгісі), «архетип» болатын көпшілікке бөлу [8,16]; тип деп аталатын белгілі бір үлгі бойынша объектілерді жинақтау [9,73]; зерттелуші көпшілік құбылыстардың сапалы сипаттамасын ашу және берілген теңгермелі белгілеріне сай үлгілі модель жүйесін құру [10,8-9]. «Типология – қоғамның тарихи дамуының негізгі мазмұны мен нышандарын түсіну үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер» - деп санайды қазақстандық ойшыл Жоламан Қ.Д. [11,31].

Мемлекеттік құбылыстарға қатысты айтатын болсақ, олар жалпы типология заңдылықтарына бағынады, типология объектісі болып қоғамдық құбылыс ретіндегі мемлекет танылады.

Типологияның ерекшелігі абстрактілі нұсқа, идеалды үлгі, тип негізінде құбылыстарды (объектілерді) осы құбылыстардың барынша мәнді қасиеттері мен белгілерін жинақтаған тәртіпке келтірумен байланысты. Соның салдарынан бұл әдістің басты мазмұны «тип» ұғымына сәйкес келеді. Тип (грек тілінен *typos*, *typ* – із, нысан, пішін, үлгі) кейбір жағдайларда ұқсас немесе туыстас индивидтер қатарының негізін құрайтын басты нысан ретінде, кейде түр немесе текті барынша дұрыс көрсететін нұсқа немесе үлгі ретінде, барынша мәнді, ішкі қасиеттерді үйлестіретін үлгі, оған белгілі топтағы заттар, құбылыстар сәйкес келеді.

Заңдық әдебиетте «мемлекет типі» түсінігіне қатысты біркелкі көзқарас жоқ. Ресейлік танымал ойшылдар М.И.Абдуллаев, С.А.Комаров, А.В.Малько мемлекет типі деп әртүрлі мемлекеттердің бірлікте алынған барынша жалпы белгілерін, тиісті дәуірден туындайтын, жалпы мәндік қасиеттерімен сипатталатын маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығын таниды. Өзге ғалымдар В.В.Лазарев, С.В.Липень мемлекет типі түсінігін кеңірек қарастырады, анықталған, мемлекеттердің тарихи ерекшеленген тобына тән болатын жалпы белгілерінің жиынтығы деп түсіндіреді [12,55]. А.Н.Головистикова және Ю.А.Дмитриев көзқарастарына жүгінсек, мемлекет типі тиісті тарихи дәуірден туындайтын мемлекеттің маңызды жақтары мен қасиеттерінің қатаң жүйесі. Анықталған тарихи дәуір мемлекеттерінің барлығына бірдей тең мәндік белгілер тән болады деп санайды [13,111]. В.Е.Чиркиннің пайымдауынша, тип түсінігінде мемлекеттің әлеуметтік сипатының барынша жалпы

белгілері, оның әлеуметтік мәні көрініс табады [14,43]. Сапарғалиевтің көзқарасы бойынша мемлекет типологиясы негізінде нақты тарихи қоғамда басым тұратын өндіріс тәсілі жатады.

Жалпы айтқанда, көрсетілген түсініктер мазмұнын ескере отырып, тип абстрактілі теориялық конструкция (үлгі), «идеалды тұтастық» деп анықтауға болады, оның көмегімен зерттелуші құбылыстың (объектінің) барынша маңызды қасиеттері мен белгілерін түсіндіруге, сондай-ақ құбылыс (объект) элементтері арасындағы күрделі динамикалық жүйе ретінде, оған тұтастық сипатын беретін заңды ішкі байланысты тағайындауға болады. Мемлекет типологиясына қатысты айтсақ, әрбір мемлекет нақты қоғамда, нақты уақытта және нақты тарихи, географиялық, сыртқы жағдайларда дамитындығын ұмытпау қажет. Сонымен бірге, «мемлекет типі» категориясы көрсетілген нақты шынайы жағдайлардан абстрактіленіп, мемлекеттің пайда болуының, дамуының және жойылуының барынша жалпы, мәнді қасиеттері мен белгілерін, яғни мемлекеттің идеалды типінің абстрактілі кескінін жасайтын теориялық конструкция. Мемлекет және құқықтың жалпы теориясында «тип» ұғымын идеалды теориялық үлгі немесе модель құру мақсатында мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың (объектілердің) қасиеттері мен белгілерінің барынша тұрақты ұштасуын іздеу нәтижесі ретінде сипаттауға болады.

Типологиялық белгілер (негіз) ретінде тек қана зерттелуші объектінің басқа белгілері мен қасиеттерін түсіндіруге және күрделі жүйе ретіндегі объектінің әртүрлі элементтері арасындағы байланысты бекітуге қабілетті белгілер ғана танылады. Л.П.Рожкованың ойынша, типологиялық белгілер объектінің жүйе құраушы роль атқаратын жақтары, қасиеттері. Мемлекеттің маркстік-лениндік типологиясында бұндай роль мемлекеттің таптық мәніне, материалдық құндылықтарды өндіру тәсіліне берілетін. Л.П.Рожкова типологияны классификациядан ажырататын екі мәселеге тоқталады: 1) типология пәні біртұтас жүйе ретіндегі объективті шындықтың анықталған аймағының объектілері болып саналады; 2) типология тағайындаған классификациялық топтар (типтер) жоғарғы классификациялық топ болып табылады [7,24-25]. Аталған айырмашылықтармен келісуге болады. Дегенмен, мемлекеттік шындықтың құбылыстары мен объектілерін зерттеу әдісі ретіндегі типологияның басты ерекшелігі, бұл әдіс классификацияға қарағанда құбылыстардың сыртқы қасиеттері мен белгілерін анықтауға емес, оларды іштей, мәндік тануға бағытталған.

Типологияның маңызы мен мәні органикалық бірлік, идеалды тип элементі ретіндегі жалпы, мәнді қасиеттер мен белгілер жүйесі туралы көзқарастар қалыптастыру және зерттелуші мемлекетті-құқықтық шындық объектілерінің идеалды тип жүйесі нысанындағы жүйелі үлгісін қалыптастыру болып табылады. Типологияның өзіндік теориялық-әдістемелік ерекшеліктері, өзіндік танымдық қауқары және ғылыми танымдағы мүмкіндіктері болады. Типологияның басты ерекшеліктерінің бірі - шындықты мәндік танумен байланысты болуында, танымның теориялық деңгейінде қолданылады. Объектінің мәні идеалдандырылған білім жүйесімен ашылады, оның элементтері шынайы объектілердің мәндік қасиеттерін бейнелейтін объектілер мен олардың арасындағы қажетті заңды байланыстар болып табылады. Объектіні тұтастай, оның әртүрлі элементтерінің өзара байланысы арқылы қарастыру барысында ғана зерттелуші құбылыстар заңдылығын мәндік деңгейде типологияда көрсетуге мүмкіндік туады. Н.В.Сильченконың көзқарасы бойынша, объектілердің барынша толық классификациясының өзі объект туралы жүйелі, тұтас білім беруге қабілетсіз [6,55]. Классификация жүйе құрайтын байланыстарды ашуға қабілетсіз, себебі онда құбылыстар ұқсастықтарына және айырмашылықтарына қатысты салыстырылады, міне осы сипат классификация мен типологияның мәндік айырмашылықтарын көрсетеді.

Типология мен классификацияда қолданылатын таным әдістемесінің әртүрлілігіне өзге де ғалымдар назар аударады. Н.К.Морозова типологияны зерттеу әдісі ретінде талдай отырып, типология қалыптасқанға дейін қолданылған салыстырмалы-тарихи әдістің салыстыруға негізделетіндігін, оның логикалық мағынасы әртүрлі объектілер мен құбылыстарды анықталған негіз бойынша жіктеуге саятындығын айтады. Бұл әдістің тұжырымдары сипаттау түрінде болады, нәтижесінде классификация қалыптасады.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің дамуы салыстыру эталоны ретінде жалпы және өзгермейтінді анықтау маңыздылығы мен қажеттілігіне көз жеткізді. Осындай эталон ретінде тип анықталды, себебі зерттелуші үрдістердің біртұтастығын бекітетін өлшемдер жиынтығы шынайы әдістемелік құндылыққа жетуге жол салады.

«Тип» ұғымы объектінің сапалы анықталғандығын бейнелеуге ұмтылады, оның элементтерінің құрылымы мен өзара байланысын бекітеді. Типологияның негізінде бірнеше фактор тұрады: зерттеу объектісінің ішкі құрылымы (мазмұны); құрамдас бөліктерінің арасындағы өзара байланыс.

Ю.С.Синенконың көзқарасы бойынша, классификация мен типология ғылыми таным әдістері ретінде түсінік мазмұнын бөлудің ұқсас тәсілдеріне сүйенеді, бірақ басты айырмашылығы бөлу негіздеріне (өлшемдеріне) байланысты. Классификация негізі ретінде объектінің мәнін ашпайтын жеке түрлік белгі немесе олардың жиынтығы алынады, типологияда құбылыстың үстүрт сипаттамасын беретін түрлік белгі ғана емес, оның мәнін ашатын тектік белгілері де қарастырылады [15, 9-10]. Осыдан келе, классификация мен типологияның мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеудің әртүрлі әдістері деген тұжырымдама шығаруға болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде типология оларды мәндік тануға бағытталады, нәтижесінде мемлекет типологиясын қалыптастыру тиісті типологияға жататын қандай да болмасын типтегі мемлекеттің мәндік қасиеттері мен белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекет кез-келген қоғамдық әлеуметтік құбылыс тәріздес үнемі динамикалық, үздіксіз тарихи даму үрдісінде болады. Бұндай дамудың маңызды ерекше белгілері мен өзгешелігі мемлекет, құқық, қоғам дамуының жеке сатыларын ажыратумен қатар жүретін табиғилық, жалпылық, үздіксіздік, дискреттілік, олардың қатаң анықталған өзара байланысы және сабақтастық болып табылады. Аталған белгілер мен ерекшеліктерді есепке алу мемлекет типологиясының объективті, маңызды шарты болып табылады. Мемлекет типологиясына қатысты айтылатын тағы бір ой, қоғам дамуы, онымен бірге мемлекеттің даму үрдісі үздіксіз жүзеге асырылатын, созылмалы, объективті негізделген табиғи-тарихи үрдіс.

Мемлекет ашық, даму үрдісі аяқталмаған қоғамдық құбылыс. Ол әлі де болса дами түседі, онымен бірге оны қалыптастыратын құрамдас бөліктерінің сипаты және өзара байланысы өзгереді. Бұдан басқа қоғам, мемлекет, құқық туралы біздің біліміміз кеңейе түседі, сондықтан типологияны толық аяқталды, анықталды деп айту мүмкін емес. Мемлекет қоғамдық құбылыс болғандықтан, динамикалық даму үстінде болады, яғни дамушы жүйеге жатқызу орынды. Динамикалық (дамушы) жүйеде жаңа компоненттер, элементтер пайда болуы, жаңа байланыстардың қалыптасуы, жаңаша қайта құрудың пайда болуы мүмкін, сондықтан оларды танып-білу үшін классификациялық әдіспен қатар типологиялық әдіс те қолданылуы қажет.

Классификация мен типологияның арақатынасын анықтау барысында олардың мемлекетті танудағы әртүрлі ролі мен функционалдық маңызына назар аудару қажет. Классификация тұтастың құрамдас бөліктерін талдаумен (анализ) байланысты, онда дедуктивті әдіс (жалпыдан жекеге өту) қолданылады, типология құрамдас бөліктерді тұтасқа жинақтаумен (синтез) байланысты, индуктивті әдіс (жекеден жалпыға ауысу) қолданылады.

Сонымен бірге, мемлекетті зерттеу әдістері ретіндегі типология мен классификацияны жақындастыратын бастаулар да көп, олар анализ және синтез тәріздес құбылыстарды ғылыми тану үрдісінде өзара тығыз байланыста болады. Бұл тұрғыдан алғанда, классификация мемлекетті тану үрдісі ретінде типологиядан бұрын қалыптасқан. Типология классификацияға сүйенеді, оның кемшіліктерін жоя отырып, оның сабақтасы болып табылады. Сондықтан, мемлекет дамуына байланысты мәселелерді зерттеу үрдісінде мемлекет мәселелерін жан-жақты және кешенді зерттеуді қамтамасыз ету үшін классификация мен типологияның теориялық-әдістемелік қауқарын жақындастыру, біріктіру қажет.

Мемлекет типологиясының атқаратын қызметтері мәселесіне келсек, заң әдебиетінде мемлекетті зерттеудің танымдық, эвристикалық, классификациялық және мемлекет туралы жинақталған білімдерді тәртіпке келтіру қызметтері туралы айтылады.

Танымдық қызмет ерекшелігі мемлекеттік-құқықтық шындық құбылыстарының идеалды типі конструкциясын құрауға және оның элементтері арасындағы өзара қатынас заңдылықтарын анықтауға негізделген типологиялық зерттеу тәсілдері мен рәсімдерінен көрінеді. Типология ақпарат мазмұндылығын көтерудің маңызды құралы болып табылады, себебі объектінің жүйедегі орнына қарай, оның ғылымға танымал, сондай-ақ әлі де болса таным үрдісінде бекітіле қоймаған басты белгілері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Типологияның мемлекетті зерттеудегі эвристикалық функциясының мәні мемлекет типі элементтері қасиеттері мен белгілерінің арасындағы байланыс пен өзара бағыныштылықты анықтаудан көрінеді. Ол бір мемлекеттік-құқықтық құбылыс арқылы өзгелерін анықтауға мүмкіндік береді, элементтердің біреуінде болған өзгерістің типтің барлық элементтерінің өзара қатынасына тигізетін әсерін анықтауға мүмкіндік тудырады.

Жинақталған білімді тәртіпке келтіру функциясы идеалды тип түрінде мемлекет туралы жүйелі, кешенді көзқарас қалыптастыруға негізделеді.

Типологияның классификациялық функциясы жинақталған білімді тәртіпке келтіру функциясының жалғасы десек те болады, себебі классификация да мемлекет туралы білімдер мен фактілерді ұйымдастырады, тәртіпке келтіреді. Сонымен бірге, классификация типологиялық әдісте кезектілікпен жүргізілген типология нәтижесі ретінде де көрінеді, онда типтендірілетін құбылыстар тиісті типке жатқызылады.

Сонымен, жоғарыда көрсетілгендерді ескерсек, мемлекетті зерттеуге байланысты білімнің ғылыми аймағында қолданылатын «классификация» және «типология» түсініктері бір-бірімен дәлме-дәл сәйкес келмейді, олардың мағыналық және мазмұндық құрамдары әртүрлі, мемлекетті зерттеуде қолданудың теориялық-функционалдық мүмкіндіктері де өзгеше. Мемлекетті зерттеу әдістері ретіндегі классификация мен типологияны түсініктік-категориялық деңгейде ажырату, олардың арақатынасын бекіту және мемлекетті тану үрдісіндегі әрқайсысының орны мен ролін анықтау мәнді теориялық және тәжірибелік мағынаға ие. Өйткені, оларды формальды, қарапайым сәйкестендіру аталған әдістерді мемлекеттік құбылыстарды зерттеу барысында қате қолдануға әкелуі мүмкін.

Көрсетілген ережелер мемлекет типологиясының негізгі маңызын мазмұнды және көлемді тұрғыда ашады. Типологияның мемлекет теориясындағы маңызы мемлекеттің қандай да болмасын типінің мәндік қасиеттері мен белгілері көрініс табатын мемлекет типологиясын құра отырып, типтер арасындағы объективті, заңды байланыстарды анықтауымен сипатталады. Бұл типологияны мемлекет туралы білімді тереңдете, байыта түсетін әдіс ретінде ғана емес, мемлекет және құқық теориясының түсініктік-категориялық аппаратын жетілдіру әдісі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік құбылыс ретіндегі заманауи мемлекеттер туралы теориялық және тәжірибелік ақпараттарды зерттеу және жинақтау барысында типологиялық конструкция құру жолымен мемлекет туралы бар түсініктер мен категориялар жетілдіріледі және жаңалары қалыптастырылады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1Краснов Ю.К. Российская государственность: генезис и эволюция институтов власти, проблемы модернизации: диссертация д-ра юрид. наук. - Москва, 2002. - 303 с.

2Хабибулин А.Г. Теоретико-методологические проблемы типологии государства: диссертация д-ра юрид. наук. - СПб., 1997. - 340 с.

3Марченко М.Н. Проблемы теории государства и права: учебник / М.Н. Марченко. - М.: Велби: Проспект, 2008. - 768 с.

4Маликов А.В. Проблемы типологии государства: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - М., 1998. - 25 с.

- 5Лазарев В.В. Общая теория права и государства: учебник / В.В. Лазарев. — 3-е изд., перераб. и доп. - М.: Юристъ, 2001. - 620 с.
- 6Сильченко Н.В. Роль и место понятия «типология» в понятийном аппарате общей теории государства и права // Право и правотворчество: вопросы теории. - М.: Изд-во ИГиП АН СССР, 1982. - С. 55-63.
- 7Рожкова Л.П. Принципы и методы типологии государства и права / Л.П. Рожкова. - Саратов: Изд-во Сарат. гос. ун-та, 1984. - 144 с.
- 8Каган М.С. Системное рассмотрение основных способов группировки // Философские и социологические исследования. - Л., 1977. — 129 с.
- 9Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. – Алматы: Фолиант баспасы, 2011. – 360 б.
- 10 Бекин А.В. Тип современного Российского государства и права. - Краснодар, 2009. - 233 с.
- 11 Жоламан Қ.Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 295 б.
- 12 Лазарев В.В. Теория государства и права: учебник для вузов / В.В. Лазарев, / С.В. Липень. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Спарк, 2000. - 511 с.
- 13 Головистикова А.Н. Проблемы теории государства и права: учебник / Н.Головистикова, Ю.А. Дмитриев. - М.: Эксмо, 2005. - 320 с.
- 14 Чиркин В.Е. Современное государство. - М.: Междунар. отношения, 2001. — 416 с.
- 15 Синенко Ю.С. Типология государства: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Москва, 2007. – 25 с.

Толеубек А.А.

*студент-магистрант Высшей школы права, по специальности международное право,
Университета MNU, г. Астана*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СБОРА, ОБРАБОТКИ И СРОКОВ ХРАНЕНИЯ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ В КОНТЕКСТЕ ПЕРСПЕКТИВ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ ТРЕБОВАНИЙ GDPR В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО КАЗАХСТАНА

Аннотация: Одним из основных прав человека и гражданина, закрепленных в Конституции Республики Казахстан и международных правовых документах, является право на уважение частной жизни. Данная статья посвящена сравнительно правовому анализу двух законодательных актов, регулирующих защиту персональных данных в Европейском союзе и Республике Казахстан, а именно рассматриваются аспекты сбора, обработки и сроков хранения персональных данных в контексте планируемой имплементации требований GDPR в законодательства Казахстана. Проводится анализ, текущий ситуации, связанной с защитой персональных данных в ЕС и РК, а также предлагаются рекомендации по улучшению законодательных актов.

Ключевые слова: *персональные данные; сроки хранения персональных данных; сбор и обработка персональных данных; регламент GDPR; закон РК «О персональных данных и их защите»; право на частную жизнь; права человека; право на защиту персональных данных.*

В современной эпохе цифровые технологии продолжают свое развитие, играя ключевую роль в модернизации экономики, образа жизни людей, научных исследований, образования, здравоохранения, государственного управления и многих других областях. Например, цифровые технологии улучшают бизнес-процессы, расширяют доступ в сеть и коммуникационные возможности, предоставляют онлайн-образование, а также развивают телемедицину и электронные медицинские карты в сфере здравоохранения. Кроме того, цифровые технологии способствуют цифровизации государственных сервисов и развитию электронного правительства. Однако с развитием цифровой эпохи возрастает важность проблемы защиты персональных данных. Каждый год объем личной информации,